

Мұханбет Ә.А., Өмірбекова Ә.Ө.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ
ТАЛДАУ**

Муханбет А.А., Омирбекова А.О.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

**СОЦИО-КУЛЬТУРНЫЙ АНАЛИЗ СТРУКТУРЫ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО
ОБЩЕСТВА**

Muhanbet A.A., Omirbekova A.O.

Kazakh national University al-Farabi, Kazakhstan, Almaty

**SOCIO-CULTURAL ANALYSIS OF THE STRUCTURE OF TRADITIONAL KAZAKH
SOCIETY**

Дәстүрлі қазақ қоғамында ауыл ежелден тарихи қалыптасқан қауымдастық болып табылады. Ал, ауылдық қауымдастық ядросы рулас, туысқан отбасыларынан тұрды. Ендеше, қауым дегеніміз өзін-өзі басқарып тұрған жүйе. Осындай түсінік негізінде ғана қазақтың көшпелі қауымын өзін-өзі ұдайы өндіретін, әрі өзін-өзі реттеуге толық қабілетті этноәлеуметтік организм, яғни социум ретінде қарастыруға болады. Қазақ ауылының кезеңдері жалпы қазақ өркениетіне тән материалдық мәдениеттің эволюциясымен астасып отырды. Жалпы номадалық әлеуметтік-мәдени кеңістіктің ерекше белгісі қауымдастықтың табиғатымен үйлесімді экологиялық сипатта өмір сүрудің қызметін, белгісін жүйелі қалыптастыру болып табылады. Қазақтың көшпелі қауымы өзін-өзі реттеп, ұйымдастырып отыруға толық қабілетті этноәлеуметтік организм, яғни социум болып келеді.

Дәстүрлі қазақ қауымы – көшпенділер ортасында қалыптасқан әлеуметтік қатынастар типтері мен деңгейлерінің әлеуметтік-мәдени, экономикалық, институттық, идеологиялық, территориялық, тіпті экологиялық жағынан да шағындалған бірегей жүйе. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы ауылдық қауымдастық. Қауым қоғамдық тұрғыдан алғанда тұрғылықты халықтық ауылшаруашылығының ұйымдасқан формасы және бастапқы өндіріс тетігі болып табылады. Олай болса, ауылдық қауымдастықтың қалыптасуы мен даму үрдісі көшпелі мал шаруашылығының туындауымен тығыз байланысты. Ал, ауылдық қауымдастық ядросы рулас, туысқан отбасыларынан тұрды. Ендеше, қауым дегеніміз өзін-өзі басқарып тұрған жүйе. Осындай түсінік негізінде ғана қазақтың көшпелі қауымын өзін-өзі ұдайы

өндіретін, әрі өзін-өзі реттеуге толық қабілетті этноәлеуметтік организм, яғни социум ретінде қарастыруға болады. Әрбір қауымға тән өзіндік атау мен өзіндік сана (рулық атау мен рулық сана) көшпенділер қоғамының қауымдық болмысын анықтайды. Тарихқа жүгінсек қазақ қауымын өзге халықтардан да ерекшелендіріп тұрған қасиет рулық өзгешелік. Этнографиялық әдебиеттерде ру деп туыскандық негізінде қалыптасқан адамдардың алғашқы қауымын айтады. Ру – бір жағынан некелік қатынастарды реттеу нәтижесінде пайда болған деген болжамдарда бар. Ру адамы өзін басқаға былай деп жариялады: «мен жаңа жол іздемеймін, тек ата-бабаларымның жасаған істерін қайталаймын, салып кеткен жолдарымен жүремін». Осы рулардан шыққан ойшылдардың әлеуметтік идеялары қоғамның даму тенденциясын бейнелеп отырған, олардың көзқарасы жеке бастың пайдасына тиесілі көзқарас ғана емес, қоғамның тарихи дамуының мүддесіне сай келгендіктен қоғамдық пікір ретінде қалыптасты. Мәселен, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы басқалардың ой-жүйесі, олардың ақыл-кеңесі, айтқан тұжырымдары осыған дәлел. Алайда рулық бөлініс тек халқымызға тән ерекшелік қана емес, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының құрамдас тетігі болып табылады. Далада кездескен қазақ баласы бір-бірінен руың кім деп сұрау арқылы рулас, қандас жақын екендіктерін танитын болған. Әрбір рудың көнетоз ақсақалдары ру арасындағы әлеуметтік қақтығыстарды реттей отырып, татулық пен бірліктің ұйтқысы бола білген. Мәселен, ру арасында келеңсіз оқиғалар туындайтын болса, ең бірінші ақсақалдар кеңесінің талқылауынан өтетін болған. Содан кейін барып келісім, бітім шарт жасалып отырған. Қауымдық болмыстың бейнесі – қауымдық сананың негізгі өзекті мазмұнын құрайтын жеке адамдардың, яғни қауым мүшелерінің мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал жасайтын, олардың нақтылы іс-әректі үшін жетекшілік, жолбасшылық, реттеушілік роль атқаратын эпсаналық ой кешу үрдістерінің жиынтығы танымдық тәжірибесі мол, көргені мен көңіліне түйгені көп ру ақсақалдарының құзырында болды [Қасабек А. Ұлттық ділімізді дәріптейік // Право и государство. – 2001. – № 2. – 19 б.].

Шындығында да, қазақ халқына ғана тән тәрбиеліліктің бірден-бір ерекшелігі үлкенді сыйлау тек отбасы шеңберінде ғана емес, қалыптасқан ру адамдарын бір жүйеге келтіріп, басқару жүйесінде де басты орынға ие болған. Көпті көрген ру ақсақалдары тек жанұяның арқа сүйер тірегі болып қана қоймай, халық мүддесіне де қызмет еткен. Аталмыш дәстүр әлі күнге шейін өз мәнісін жоймай қазақ ауылдарының арасында сақталып, жалғасын тауып келе жатыр. Бірақ, қазіргі қазақ ауылдарының аясында өмір сүріп жатқан ақсақалдардың әлеуметтік ролі әлсіреп, заман ағымына орай өзгеріске ұшырағаны мәлім. Осы тұрғыдан алғанда кезінде елінің ұйтқысы, ақылшысы, басшысы бола білген «ақсақал» лауазымы

бүгінде жас шамасына қатысты айтылатындай деңгейге жетті. Бұл дегеніміз қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымның бұзылғаны емес, керісінше, осы ақсақалдар атқарған жұмыстардың қазіргі арнаулы ұйымдар қызметімен алмастырылып, өз күшіне енгендігін білдіреді.

Ойымызды ары қарай жалғастыра түссек, қазақ қауымы, әрісі көшпенді қауым – әртүрлі деңгейдегі, түрлі типтегі әлеуметтік құрылымнан: хан кеңесінен (Тұрымтай кеңесі және Тағанақ кеңесі), билер алқасынан, қазылар жиылысы, ауылнай, болыс, ру ақсақалдары, яғни ақсақалдар кеңесінен т.б. сияқты әртүрлі жас ерекшелігіне байланысты әлеуметтік институттардан тұрды. Ал, ақын-жарауларымыз бен сал-серілеріміз өз алдына бөлек ұйымдасқан шағын әлеуметтік типтер болып табылады.

Қазақ қоғамындағы «ақсүйек», «қарасүйек», «төре», «қарашы», ұғымдары мен «сұлтан», «би», «бай», «төлеңгіт» тәрізді әлеуметтік категорияларды талдаған отандық тарихшы Е. Бекмахановтың пайымдауынша, қазақ қоғамындағы билер айырықша құқықтық және экономикалық алғышарттарға ие, билеуші топ өкілдері. Ақсүйек тұқымы боп есептелетін сұлтандармен салыстырғанда билер көшпенді қауымның өз ортасынан шыққан ру-тайпа, игі жақсылары [Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 гг. XIX века. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 75 б.]. Ғалым «XIX ғасырдың 20-40-шы жылдарындағы Қазақстан» атты еңбегінде қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын қарастыра келе, қазақтардың «ақсүйектер» және «қара сүйектер» болып бөлінгендігін атап өтеді. Ақсүйектерге Шыңғыс тұқымын жатқызса, қара сүйектерге қалған бұқара халықты жатқызған. Демек, ақсүйек тұқымының пайда болуы Қазақстандағы феодалдық қатынастардың қалыптасуымен және татар-монғол жаугершілік заманының билік етуімен тығыз байланысты. Ғалымның пікірінше, «ақсүйек» тұқымының өкілдері өздерін Шыңғыс ханның ұрпақтарымыз деп санаған.

«Төре» академик В.В. Радловтың нұсқауынша, ежелгі-түрік сөзі «тора», «ханзада» деген мағынаны білдіреді. Аталмыш терминнің шығу тарихына және түрік-монғол халықтарындағы мағынасын түсіндіруге арналған Г. Шлегельдің әлеуметтік еңбегінде бар. Ал, Орта Азия тарихын зерттеуші Кары-Курбан Али-Каджи-Халид-Бек-Оғлы «төре» терминінің шығу тарихын Шыңғыс хан дәуірімен байланыстырады. «... Әдетте қазақ хандарын төрелер деп атайтын болған. «Төре» – бір кездері Шыңғыс хан енгізген заңдар осылай аталса, кейіннен аталмыш сөз оның ұлдары мен ұрпақтарының титулына айналған. Сонымен «төре» ұғымы әлеуметтік тұрғысынан алғанда ханнан төмен тұрған оның туысқандары. Қазақ хандары Шыңғыс хан дәуірінен бастап «төре» сөзін өздерінің

ұлдарымен туысқандарына қатысты қолданған [Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы; Қазақ университеті, 1998. – 73 б.].

Сұлтандар хандық административтік жүйеде белгілі бір қызметке ие болған. Сұлтандардың негізгі жұмысы қауымдастық мүшелеріне қызмет көрсету. Ал, қауымдастық деп отырғанымыз көшпенділер қауымдастығы [Нысанбаев А.Н. Казахская цивилизация как проблема социальной и правовой философии // Әлемдік тарихи үрдіс контекстіндегі қазақ өркениеті: Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қайнар университеті, 2003. – маусым. – 5-12 бб.]. Сұлтандар елдің қоғамдық-саяси өміріне тікелей араласып, өз қарамағындағы халыққа хан билігін жүргізіп отырған. Аталмыш биліктің экономикалық мәні көшпенді қауымды қалыпты өндіріс құралдарымен қамтамасыз ету, тарихи қалыптасқан жайылымдық жерлерді жоспарлы түрде игеру және көшпенділер территориясына билігін жүргізу [Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата: Академия наук Казахской ССР, 1958. – 209 б.].

Билер қазақ қоғамының әлеуметтік баспалдағы бойынша сұлтандардан кейін тұрған, халық мүддесін қолдаған рудың белді өкілі. Билердің құқықтық теңдігі хан және сұлтандармен бірдей болғандықтан олар сот істерімен кіріс жұмыстарына тікелей араласа алды. Сондықтан билік басында отырған хандар мен сұлтандар билер пікірімен санасатын болған. Көшпенділер қоғамының тірегі билердің тағы бір ерекшелігі олар бұқара халық арасынан шыққан білімді, тәжірибесі мол, көпті көрген, өз қамын емес, халық қамын ойлайтын, халқының жоқтаушысы бола білетін жанашыр адам болған. Халық, қауым арасында туындаған қақтығыстар барысында билерден әділетті шешім, орынды ақыл-кеңес күткен. Сонымен билердің атқаратын қызметі мен әлеуметтік ролін төмендегідей қорытындылап, сипаттауға болады: біріншіден, билер – беделді ру өкілдері, екіншіден, билер – көшпенділер ұжымының басында тұрады және олардың ісін жүргізеді, үшіншіден, билер – әділ төрешілер (судьялар) болып табылады. Тағы бір айырықша айтып өтетін ерекшелік, адам мен қоғам тағдырын шешетін бас тұлға – билер сайланып қойылмай, халық арасынан сұрыпталып шығап отырған. Сұлтандарға қарағанда бұқара халықтың жанына жақыны билер болды [Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата: Академия наук Казахской ССР, 1958. – 193-200 бб.]. Осы орайда тағы бір айта кететіні дәстүрлі қазақ қоғамындағы адам еркіндігі мен құқығын қорғау институты – билер сотының ашық болғандығын Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде ашық айтып өтеді. Мысалы, біріншіден, билер талқысына жүгінген адамдар осы процесті жүргізіп отырған биге күмәнмен қарайтын болса, жазаланушы басқа биді таңдауға құқылы. Екіншіден, орын алған

әділетсіздік үшін екі жақта шексіз шағымдануға құқылы. Үшіншіден, кінәлі адамға қарсы айғақтар аз болған жағдайда билер жазаланушы тарапынан әділетті деген жақын туыстарын қатыстыру арқылы кінәліні жазалап немесе ақтап алып шығатын болған. Төртіншіден, билер соты бұқара халық алдында сөз жүзінде өтетін болған. Бесіншіден, халық алдында билер беделі өте жоғары [Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата: Академия наук Казахской ССР, 1958. – 68 б.]. Демек, бір ғана билер шешімінің өзі халық үшін үлкен рөл атқарған.

Сонымен қатар қазақ қоғамында «бек» деген ұғымды да кездестіреміз. «Бек» сөзінің шығу төркіні Құрбанғали Халид Оғлының пайымдауынша, халық басшысы, билік етуші деген мағынаны білдіретін «би» сөзімен тамырлас. «Түрік Луғ-ати» деп аталатын түрік сөздігінде «бек» сөзіне төмендегідей анықтамалар берілген: «Бек – титул некоторых чиновников и должностных лиц, титул, присвоенный некоторым иностранным представителям: Бии занимали видное место в казахском обществе» [Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 гг. XIX века. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 76 б.].

Төлеңгіттер өз қожайындарының жеке күзетшілері. Сонымен қатар олар өз қожайындарының барымта сияқты барлық жорықтарына қатынасып отырған. Бірақ төлеңгіттер міндеті мұнымен шектеліп қалмай, олар салық жинау жұмыстарына да белсене араласқан. Ең маңыздысы, төлеңгіттер өз қожайынының атынан басқа рулармен келіссөздер жүргізіп аса жауапкершілікті жұмыстар атқарған [Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 гг. XIX века. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 111 б.].

Батырлар қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөл атқарған келесі әлеуметтік институт. Батырлар институтының әлеуметтік категория ретінде қалыптасуы әскери-феодалдық шеннің пайда болуымен тығыз байланысты. Батыр сөзі түріктің «багадур» және «бакхатур» деген сөздерінен бастау алады. Ертедегі қазақ халқының тарихына үңілсек, қазақ даласындағы орын алған сыртқы қақтығыстар барысында халық арасынан әлеуметтік топтар құрылып, оларды басқаратын әскери басшысы немесе әскер басы сайланатын болған. Осы құрылған топ арасынан ерекше даралығымен, ер жүректігімен, батырлығымен, келбетімен көзге түскен адамды қазақтар «батыр» деп атаған. Олай болса батыр сөзі қазақ және басқа түрік тілдерінде «палуан», «күшті», «өжет», «батыл» деген мағынаны білдіреді [Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 гг. XIX века. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 98 б.]. Батырлар рудың, тайпаның әскербасшысы, қоғамдық өмірдің негізін құраған ерен тұлғалар екендігі ерекше атап өтуге тұрарлық. Жалпы батырлардың халық дүниетанымында алар орны ерекше. Бұл турасында қазақ ғалымы, ағартушы Шоқан Уәлиханов былай деп

жазады: «Батыр – лицо самое важное и знаменитое у киргизов после родоначальника султана... Это самый влиятельный человек, советы которого в народе всегда с весом» [Валиханов Ч.Ч. О Киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще // Собрание сочинений в 5 т. – Алматы: Казэнц, 1985. – Т. 1. – 100 б.]. Шынымен де, Шоқан сөзінің жаны бар, батырлар тек хан мүддесіне ғана қызмет етпей, халық тыныштығын қолдаған ел қорғаушысы. Сондықтан да олардың ел алдында төлеңгіттерден гөрі беделі жоғары.

Жоғарыда аталып кеткендей, қазақ қоғамының негізін қалаған шағын әлеуметтік топтар ішіндегі маңыздылары осылар. Осы әлеуметтік топтардың атқарған жұмыстарының нәтижесі хан кеңесінде талқыланып, реттелініп отырған. Хан кеңесінің ережесі бойынша әрбір топ жетекшісінің өзіндік орны, өзіндік сөйлеу кезегі белгіленген. Мәселен, әскери басқару жүйесі бойынша онбасы жүзбасыға, жүзбасы мыңбасына, мыңбасы әскербасы немесе түменбасына бағынған. Осы дәстүрдің өз мәнін жоймағандығын бүгінгі күнгі административті-басқару жүйесінен көріп отырмыз. Аталмыш жүйе қоғамымызда қазіргі заманға лайықталынып, бір жүйеге келтірілген. Сонымен қатар, хандық басқару жүйесінің бір ерекшелігі сұлтан, би, батыр, жырау сияқты кеңес мүшелері көбінесе хан ордасында емес, халық арасында жүрді. Олардың әрқайсысы өз ауылының басшысы немесе хан жарлығын халыққа, халық наразылығын ханға жеткізер байланыстырушы жәдігер. Осы себептенде олар халық жанына жақын, ауыл өмірімен етене таныс. Хан өз астанасында шағын әскерімен тіршілік кешкендіктен, көбіне ауыл өмірінен бейхабар. Ал, ауыл дегеніміз қазақ қоғамының күре тамыры, негізгі ошағы, қуанышы мен қайғысының тоғысқан жері. Ауыл – дәстүрлі қазақ қауымының негізгі әлеуметтік құрылымы. Осы себептенде халқымыздың бар тіршілігі ауылмен тығыз байланысты.

Ауыл – көшпелі қазақ этносының ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан тектік әлеуметтік типке негізделген қоғамдық ұйымы, этникалық, экономикалық және рухани бірліктің ең басты көрінісі. Әдетте қазақ ауылы бір атадан тараған ұрпақтардан құрылып, ауылда бес-алты үйден, он-онбес шаңыраққа дейін түтін көтереді, ауылдастар бірге көшіп, бірге қоныс аударады. Көне замандағы зерттеушілердің пайымдауынша, қырғыздар, яғни қазақтар бір-біріне туысқан, жақын бірнеше отбасыларынан құрылды. Олар бір жерден екінші жерге қоныстанған кезде бүкіл ауыл болып көшетін болған. Ал, бір атадан тараған бұл ауылдың тұрғындары себепсіз бір-бірінен ажырап кетпейді. Осындай қозғалыстағы қауым – ауыл деп аталды. Ауыл тұрғындарының саны шексіз, сандық өлшеммен шектелмейді [Зиманов С. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – Алма-Ата: Гылым, 1960. – 24 б.]. Осылайша ауылдан ауыл туындап, бір-біріне

жақын көршілес орналасатын болған. Енді ауылдың басқару құрылымына тоқталып өтейік. Оны басқаратын адам ертеректе ауылнай, кейіннен басқару жүйесінің өзгеруіне байланысты ауылдық старшина деп аталды. Старшина болысқа, болыс уезьге, уезд генерал-губернаторға, генерал-губернатор патшаға бағынған. Өзгертілген жүйе бойынша он-он екі ауыл бір болыстықты құрады. Әйтседе, ауыл адамдары өз ішінде өмірлік тәжірибесі мол, көпті көрген ру ақсақалдарына бағынып, ақыл-кеңес алып отырған. Рухани қасиеттерді берік ұстанып, қастерлеп сақтаудың үлгісін көрсетуші ең бірінші адам рудың жасы үлкен ақылман ақсақалы болды. Себебі, ол тірі тарихқа айналған данышпан ұстаз саналатын. Көшпенділер қоғамында ақсақалдар билігі әлеуметтік ұйым институттарының бірі және өмірден өткен ұрпақтар мен көзі тірі адамдар арасындағы өзара рухани байланыстың салт-жорасындағы дәнекер тетігі ретінде қызмет атқарады [Зиманов С. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – Алма-Ата: Гылым, 1960. – 100 б.].

Ақсақалдар – дәстүрлі қазақ қоғамын құраған ұжымның жалпы қабылданған нормаларын бақылап, ауыл арасында туындаған ішкі және сыртқы қайшылықтарды реттеп отырған. Сондай-ақ көш бағытын алдын-ала бажайлап, мерзімін анықтау ақсақалдар міндеті болып саналған. Маңызды сауалдарды шешу барысында ақсақалдар ауылдың сыйлы, тәжірибелі, болып табылатын басқа да мүшелерімен кеңесетін болған. Ауыл құрылымының келесі сатысы азулы ақындардан, арқалы жыраулардан, думанды сал-серілерден, он саусағынан өнері тамған шеберлерден, алтын қолды зергерлерден, күміс көмей әншілер мен күйшілерден құралды. Ал, молда, қажы, сопылардың ауыл ішінде алар орны өз алдына бір бөлек.

Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының негізінде иерархиялық және осыған ұқсас принциптер жатыр. Қоғамның иерархиялық бір-біріне бағынышты бөлшектері – отбасы, ру, жүз, халық. Жанұя рудың, ру жүздің бір бөлігін құраса, үш жүзді халық құраған. Отбасының болуы ешқандайда да дәлелді қажет етпейді, себебі отбасы кез-келген қоғамның әлеуметтік негізі болып табылады. Ал, дәстүрлі көшпелі отбасына нуклеарлық сипат тән. Нуклеарлық отбасының құрамы ата-ана және үйленбеген ұлдары мен тұрмыс құрмаған қыздарынан тұрады. Сондай-ақ қазақ қоғамының тағы бір ерекшелігі, патрилокальді отбасының болуы. Яғни бұндай отбасында үйленген ұлдарының бірі, әсіресе үйдің кенжесі ата-анасымен бірге тұрады да үйдегі қалған дүние-мүлік т.б. соған тікелей тиесілі болып қалады. Кенже ұл, «қара шаңырақтың» мұрагері болып есептелген [Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 гг. XIX века. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 227 б.]. Мүмкіндігі бар адамдар ер жеткен балаларына енші беріп жеке шығарып отырған. Енші –

бұл қазақ отбасындағы әр баланың өзіне ғана тиесілі заты, малы, құралы, тұтастай алғанда дүние-мүлкі. Бұл тек қазақ халқына ғана тән дәстүр. Енші – тек ер балаларға ғана беріледі, ал қыз баланың қазақ халқында орны мүлдем дара. Қазақта қыз бала тұрмысқа шыққанда берілетін дүние-мүлік «төсек-орын» деп аталады. Бұдан байқайтынымыз ауылдың әлеуметтік құрылымы батыстық тұрғыдан қаралып жүрген тап, тап күресі, феодал, шаруа қанау тәрізді ұғымдардан алшақ екенін аңғарамыз. Ендеше, қарапайым қазақ ауылы жоғарыда көрсетіліп отырған әлеуметтік құрылымдарды үйлестіре білген шағын әлеуметтік институт.

XV-XVII ғасырларда қазақтар арасында ислам діні тарады. Алайда, ислам діні еңбекші халық арасында терең тамыр жойған жоқ. Оған себеп дүркін-дүркін жүргізіліп отырған қақтығыстар, соғыстар т.б. Сондықтан халықтың бір бөлігі ислам дінін көпке дейін қабылдамай, тәңірге табынуға негізделген нанымды ұстады. Қазақтар өмірінде отты қасиеттеу үлкен рөл атқарды.

XV-XVII ғасырларда ауыз әдебиеті кең өріс алды. Ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын жасаған, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырған халық арасынан шыққан дарынды-ақындар, сал, серілер, жыраулар еді. Жыраулар философиясы қазіргі Қазақстан жерін қоныстанған ежелгі тайпалар туғызған бай рухани қазынадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, жаңа мазмұн қалыптастыру нәтижесінде қанат жайды. Діни, тәрбиелік, қоғамдық, әлеуметтік, ерлік пен ездік, қарыз бен парыз, о дүние мен бұ дүние тағы басқа жайындағы философиялық туындылар жыраулар поэзиясының терең дүниетанымдық сипаты болды. Жыраулық поэзияның алғашқы өкілдерінің бірі деп Сыпыра жырау Сұрғылтайұлы, Асан қайғы (Хасан), Қазтуған Сүйенішұлы, Доспамбет жырау, Тіленішұлы Шалкиіз, Жиёмбет жырау, Марғасқа жыраулар болды. Олар жыр шығарып, толғау айып, тек өнер иесі ғана болып қойған жоқ, жаугершілік заман болып, ел басына күн туған кезеңдерде атқа қонып, жауға аттанған батыр, қолбасы болды. Сол қызметтерді атқара жүріп, ел қорғау, халықты азат ету мақсатын паш ететін сарбаздарын жігерлендіретін, хан, уәзірлерге пікір қосып, кемшіліктерін бетіне басып, қаймықпай ашық жеткізетін міне осы жыраулар болды. Бұл пікірге Доспамбеттен мысал келтіретін болсақ:

Арғымаққа от тиді,
Қыл мықынның түбінен.
Аймедетке оқ тиді,
Отыз екі омыртқаның буынынан,
Зырлап аққан қара қан

Тыйылмады жонның уақ тамырынан.

Сақ етер тиді саныма

Сақсырым толды қаныма [Бес ғасыр жырлайды: 3 т. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1т. – 89 б.], – деген жолдарынан жыраулардың қолбасы, батыр болып, әрқашан алғы шепте жүріп, жау оғынан жараланып, елі үшін жан аямағанын байқаймыз.

Жалпы жыраудың қазақ қоғамында атқарған қызметіне келетін болсақ – сөз өнерін сүйеніш етіп, шешендігін шебер пайдаланып жүрген жыраулардың аса бір ел тарихындағы халық қамы үшін маңызды рөл атқарған тұсы қазақ хандығы дәуірі болды. Бұл кезеңде әр жыраудың өзіндік тарихи орны, әр хан тұсында саяси-әлеуметтік маңызы болды. Қандай заманда болмасын кез-келген хан, сұлтан тұсынан бірлі-жарым жырау табылып отырды. Олардың ханға жағымды, хан өзіне ақылшы тұтатыны да, ақылсыз келген хандар жұрт арасына іріткі салушы ретінде түсініп жағымсыз көретіндері де болды. Жыраулар, билер, ақындар дүниетанымында тату-тәтті ғұмыр кешу, үлкенді сыйлап, ақылы асса кішіні де қадірлеу, руластардың, халықтың бірлігі, әлемдік тұтастық шешен, көркем сөздердің өзекті тақырыбы болды.

Тарих қашан да өз перзенттерінің құнды мұраларымен қымбат, әрі барлық кезеңдердің сарапшысы. Ерлігі мен еркіндікке құштар күрестерге, батырлығы мен бостандық дегенде жан салмайтын байламдарға, шешендер мен ел тағдырын шешетін сәтте ақыл-парасатымен, дана-сәуегейлігімен өмір шырдығын толғап жеткізуші жырауларға толы бүгінгі күнге өз жемісін жеткізіп отыр.

Иә, жыраулық мектептің түп негізі абыздардан басталады. Ел ертеңі жайлы болжам жасап, данышпандығымен дараланып жүрген жыраулар хан сарайында отырып, алдағы болар қауіп-қатерді болжап отырды. Хандардың түсін жорып, халық арасындағы қарым-қатынастардың қалай бағыт алатынын болжап, оны жыр жолдарымен жеткізіп, абыздық дәстүрді әдебиетпен байланыстыра дамытты.

Таза, мінсіз асыл тас

Су түбінде жатады.

Таза, мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан тас

Жел толқытса шығады,

Ой түбінде жатқан сөз

Шер толқытса шығады [Бес ғасыр жырлайды: 3 т. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1т. – 69 б.], – дейтін Асан қайғының терең философиялық толғаулары да осы жыраулардың еншісінде.

Қазақ Елінің шежірелік жүйесі негізіндегі азаматтық қоғамы адамзаттың ең ұшқыр ойлары жемісінің көрінісі болатын, себебі ол – адам өміріне қатысты, керек жағдайлардың бәрі (тұрмыстық, әлеуметтік, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл, дін, мәдениет, ұрпақ тәрбиесі, дау-дамай, әскери қорғаныс т.с.с. көптеген мәселелер) жан-жақты қарастырылған, ұлттық құндылықтармен қамтылған, өте терең ойластырылған, өте тиімді ұйымдастырылған, кемел қоғам еді. Жеке қазақ түтінге – түтін атаға – ата ауылға – ауыл руға – ру тайпаға – тайпа ұлысқа (жүзге) топтасып, ұлыстар бірігіп – қазақ елін құраған.

Ерте кездегі азат, тәуелсіз Қазақ Елінде батырлар, билер, басшылар өте көп болған, себебі қазақтың әр ата-ауыл рулары өздерінің зиялы тұлғаларын өмірге алып келген. Артында қалың қауым елі бар және қандастарының алдындағы жауапкершілікті жан-тәнімен сезінген, ақылды тұлғалар бірігіп өз ішінен Төле би, Қазыбек би, Айтеке би, Әбілқайыр, Абылай сынды кемеңгерлерді іріктеп шығарған. Табиғаттың сұрыптау заңына негізделген шежірелік жүйе табиғи таза бәсекелестік ортаны (кеңістікті) қалыптастырған. Шежірелік жүйенің ұзақ сынынан өткен азамат қана, халыққа қызмет етуге лайықты зиялы тұлға болуға мүмкіндік алатын. Халық – өздері тұлға етіп таңдаған зиялылары: ата-ауыл-ру басшыларының, билерінің, батырларының, хандарының бір ауыз сөзіне тоқтап, оларды тыңдап артынан ерген.

Ертеде, рулық жүйеден тыс, Қазақ Елі азаматтық қоғамын біртұтас етіп, ұйытуға ықпал жасаған және қазақтың үнін жүйелі де тұрақты шығарған негізгі іс-шаралар: Шілдеhana, Бесік той, Тұсау кесер той, Сүндет той, Ерулік, Құдайы тамақ, Құда түсу, Құдалық, Үйлену тойы, Жерлеу, Ас беру [Ұлттық болмыс және урбанизация // Қазақ әдебиеті. – 2009. – 13 ақпан. – 35 б.].

Осы көрсетілген құралдар мен іс-шаралардың арқасында, бәрімізге ортақ қазақ даласы біте қайнасып – біртұтас азаматтық қоғам болып, ұлттық мәдениетіміз бен болмысымыз қалыптасқан. Талай ғасырлардан бері қазақ елі болып өз ұлттық тағылымдарымызды алып келе жатырмыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Бекмаханов Е.Б. Қазақстан в 20-40 гг. XIX века. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 400 с.

Бес ғасыр жырлайды: 3 т. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1т. – 532 б.

Валиханов Ч.Ч. О Киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще // Собрание сочинений в 5 т. – Алматы: Казэнц, 1985. – Т. 1. – С. 190-197.

Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы; Қазақ университеті, 1998. – 202 б.

Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата: Академия наук Казахской ССР, 1958. – 293 с.

Зиманов С. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – Алма-Ата: Ғылым, 1960. – 367 с.

Қасабек А. Ұлттық ділімізді дәріштейік // Право и государство. – 2001. – № 2. – 17-23 бб.

Нысанбаев А.Н. Казахская цивилизация как проблема социальной и правовой философии // Әлемдік тарихи үрдіс контекстіндегі қазақ өркениеті: Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қайнар университеті, 2003. – маусым. – 554 б. Ұлттық болмыс және урбанизация // Қазақ әдебиеті. – 2009. – 13 ақпан.

РЕЗЮМЕ

Бұл мақала мәдениеттану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы отандық ғалымдардың теориялық ой-пікірлеріне сүйене отырып, қазақ этносының ғасырлар бойы қалыптасқан тектік әлеуметтік типке негізделген қоғамдық ұйым екендігін айқындаған. Дәстүрлі қазақ қауымындағы әлеуметтік топтарға сипаттама берген.

РЕЗЮМЕ

Авторы определили общественную организацию основанную на социальном родовом типе, который формировался веками в казахском этносе; опирались на теоретические суждения отечественных ученых в сфере гуманитарных наук и культурологии. Авторы также дали характеристику социальным группам в традиционном казахском обществе.

ABSTRACT

The author defined public organization based on social patrimonial type which was formed over the centuries in the Kazakh ethnos; relied on theoretical judgments of domestic scientists in the sphere of the humanities and cultural science. The author also gave the characteristic to social groups in traditional Kazakh society.